

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 08 қарашадағы № 117 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 қарашада № 3688 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 157 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 16.04.2014 № 157 шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін әр балаға тоқсан сайын тоғыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы:

Ж.Қамбаров

Аудандық мәслихат
хатшысы:

Б.Бисекенов